

тереңдей бермейтін оқиғаларына негізделген. Дулат Исабеков драмаларының өміршеңдігі осында деп білеміз.

Қазіргі қазақ драматургиясы күнделікті болып жатқан жаңалықтарды, даму тенденцияларын бағдарлап қарағанда мазмұн мен форма арасында болатын диалектикалық байланыс күрделілігін сақтай отырып, әр салаға жеке-жеке назар аударуы керек. Себебі көркемдік құралдар, әдеби дәстүрлер тез құбылуға өзгеруге ырық бере қоймайды. Дегенмен суреткердің жан қалауы, оның көру көкжиегі, тақырыпты бере алуы, бейне жасауы – бұл реттегі құбылыстар, түптеп келгенде, болмыс пен өмір ағымынан тыс қала алмайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы, «Әдебиет Әлемі», 2012. 376
2. Волькенштейн В. Драматургия. – М.; Сов. писатель, 1964.- 355с
3. Әуезов М. Реалистік драма жолында. - // Әдебиет және искусство.- 1954. -№ 11.б. 88.
4. Нұрғали Р. Айдын. – Алматы : Өнер, 1985. – 399 б.
5. Исабеков Д. Жеті желкен:Пьесалар.–Алматы:Өнер, 1987.–304 б.
6. Ордалиев С. Конфликт және характер. Алматы Жазушы, 1971- 183б
7. Сахновский-Панкеев. Драматургия. – М.; Сов.писатель, 1964
8. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы, «Әдебиет Әлемі», 2014. 412 б

ӘОЖ 1751

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ МЕН ҰҒЫМДАРДЫҢ БЕЙНЕЛЕНУ ТӘСІЛДЕРІ

Ахмер Біржан

[Birzhan.akhmer@mail.ru](mailto:birzhan.akhmer@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – филология ғылымдарының докторы,
профессор Ж.Аймұхамбет

Аңдатпа. Мақалада поэзияда ұлттық танымның бейнелену тәсілдері, көркемдік қызметі қарастырылады. Ұлттық танымға қатысты ғылыми-теориялық тұжырымдарға сүйене отырып, оны сипаттайтын белгілер ұлттық поэзия мәтіндері мысалында талданады. Сан ғасырлар бойы өмірлік қағидаға айналған дәстүр мен салт-сана, оның ұрпақ тәрбиесіндегі маңызды тағлымы мен көркемдік санада таңбалануы сөз өнерінің тұрақты бейнелілік жүйесін туындатқаны нақты дәлелдермен көрсетіледі. Ұлттық рух, туған жер, ана тілі, ұлт мәдениеті сияқты құндылықтардың қазақ поэзиясындағы көркем бейнеленуі бұл аталған ұғымдардың рухани дамумен тұтастықта сақталатынын аңғартады.

Ақындар шығармашылығынан мысалдар алынып, талданып, нақтыланды. Қазақ поэзиясындағы ұлттық таным мен ұғымдардың орны екшелді. Әр қаламгер шығармашылығында кездесетін ұлттық танымға қатысты ойлардың, пікірлердің сабақтастығы көрсетілді.

Түйін сөздер: поэзия, ұлттық таным, салт-дәстүр, құт-береке, қонақ, шығармашылық.

Кіріспе. Қазақ топырағынан шыққан ойшылдар шығармашылығында ұлттық таным мәселесі жан-жақты сөз болып, салмақты тұжырымдар жасалып келеді. Оның бір мысалы ретінде А.Н.Нысанбаевтың пікірін келтіруге болады. Ғалымның айтуынша, ұлттық таным мен

тәрбие мәселесі, сонау ерте кездерден басталған, одан кейін XI ғасырда Әбу Насыр Әл-Фараби, М.Қашқари, Ж.Баласағұн еңбектерінде ұлттық таным мәселесі қарастарылған [1.49]. Жалпы, ұлттық таным әр халықтың шығармашылығында, мәдениеті мен әдебиетінде көрініс табатыны анық. Яғни, ұлттық таным дегеніміз – әрбір ұлттың, халықтың ұлттық тарих санасында ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтары болып саналады. Сонау түркі кезеңіне жататын ескерткіштер, тарихи жәдігерлерден бастау алған ұлттық танымдымыз, кейін хандық дәуірде, одан кейін жыраулар поэзиясынан көрініс тауып, қазіргі поэзиямен ұштасып жатқанын аңғаруға болады.

Зерттеу әдістері: Талдау, жинақтау, негізге алынды. Салыстырмалы-тарихи әдіс.

Зерттеу материалдары мен нәтижелері: Ұлттық танымды айғақтайтын рухани құндылықтар ғасырлар бойы сақталып, атадан балаға мұра болып келе жатыр. Ұлттық танымды білдіретін ұғымдардың бәрі түптеп келгенде, ұлттық идеяға тіреледі. Ал ұлттық идея дегеніміз – этностың мезгілдік һәм мекендік факторлар арқылы айқындалатын тәжірибесі, танымы және талғамына байланысты бірте-бірте жаңғырып-жаңаланып отыратын, бірақ өзіндік ілкі белгілерін жуық арада жоғалта қоймайтын, табиғи-тарихи әрі тылсымдық бітім-болмысының, сана-сезімінің, мінезі мен мәдениетінің, соған сәйкес туындайтын әлеуметтік мұрат-мүдделері мен қимыл-қозғалыстарының жалқылық та, жалпылық та мәнін жинақтаған ұйытқысы [11.11]. Белгілі ғалым М.Қозыбаев: «Рух – туған жер, туған ел, ана тілі, ата тарихы, ұлт мәдениеті ұғымдарымен сабақтас», – дейді [2.254]. Мұның бәрі қазақ халқының мәдени-рухани өмірімен тығыз сабақтастықта. Қазақ қоғамындағы негізгі құндылықтардың қатарына сонымен қатар, адамгершілік қасиет, қонақжайлылық, құрмет көрсету сынды дүниелерді де жатқызуға болады. «Халықтың құлқы, мінезі, ойы заманындағы әдебиетінен білінеді», – дейді Х.Досмұхамедұлы [11.8]. Мысалы, Әл-Фараби шығармашылығында жақсы мінез, адамшылық қасиет, тәлім-тәрбие мәселелері қамтылғаны белгілі. Мұндай жақсы ниет, оң істер бара-бара адамның дағдысына, жақсы қасиетіне айналып, ол тәрбиелі жақсы мінез-құлықты болып өседі. Бұл айтылғандар Фарабидің «Бақытқа жол сілтеуінде» былай дәйектеледі: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелдікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі игілікті және қайырымды адам боламыз...» [3.11].

Махмұд Қашқари еңбектерінде Әл-Фараби қозғаған мәселелерден бөлек, тіл мәселесіне аса зейін қояды, оған ғалымның: «Түрік тілдерінің сөздігі» еңбегі және «мен өз зердеме тірі және рифмделген түріктердің, түркімендердің, оғыздардың, қырғыздардың... тілдерін толық түсіре білдім», – деген сөзі дәлел. Ойшылдың еңбегінде түркі тілінің тарихы, түркі халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері жинақталған. Махмұт Қашқари «Әдептің басы – тіл», «Тіл – тәрбиелік пен қайырымдылықтың басы», «Ерең ерлік тілде туады» дей келе, ғалым: «Тіл – жай қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – сол халықтың, оның тарихы мен мәдениетінің өзіндік бірегейлігін танытады», – деп ойын тұжырымдайды [4.57]. Түркі кезеңінен бастау алып, қазірге дейін сақталған халық танымын көрсететін ұғымдардың көбісі М.Қашқари еңбегінде қамтылған десек болады. Яғни сонау көне жәдігерлеріміздің сақталуына үлес қосқан М.Қашқаридың еңбегі қазіргі қазақ халқының танымындағы ұғымдардың сақталып, ары қарай жаңғыруына септігін тигізді десек болады.

Ал тіл мәселесі сонау Орхон-Енесей ескерткіштері, түркі жазба ескерткіштерінен бері қарай қазірге дейін ұлттың танымын сипаттағанда ең үлкен орын алатын маңызды құндылық болып есептеледі. Сонымен қатар еңбекте этикалық және эстетикалық құндылықтар жөнінде көптеген құнды ойлар қалдырған. Ғалымның түсінігінше, тағы ерекше айтылған мәселе – қонақ күту. Құт-береке қонақпен бірге келеді деген түсінік бойынша қонақ жақсылықтың белгісі болып саналған. Қонақжайлық – түркілік кезеңнен бері келе жатқан ұлттық танымның бірегей ерекшелігі. Оған М.Қашқаридың шығармашылығындағы мына үзінді дәлел:

Қонақты қарсы алған, асыңды күттірме,
Қуана жар салғын, бір затын зыттырма.
Қонақты құт деп білген ерлер кетті өмірден,
Қалыпты жаны жаман, пейілі қарт өмірден [4,28].

Сонау түркі заманынан келіп жеткен қонақты күту мәселесі бертін келе қазақ халқының ұлттық танымында өшпес із болып қалды. Оған қазақ халқында жиі айтылатын қонаққа байланысты «қонақ келсе құт келер», «құтты қонақ келсе қой егіз табады», «қонағыңның алтынын алма, алғысын ал» сынды ғибратты сөздері дәлел. Қазақ халқының танымындағы қонақты күту, төрден орын беру сынды түсініктер кейінгі буын қаламгерлердің шығармашылығына арқау болды. Оған мысал ретінде Қадыр Мырза Әлінің «Қазақ пен Қонақ» атты өлеңінен мысал келтірейік:

Арудың қапалысын,
Азалысын
Күйменен жұбатпасаң –
Жазалысың.
Қонақсыз,
Той-думансыз өткен өмір
Өмірге саналмайды қазақ үшін [5;201].

Мұнда қазақ халқында ерекше орын алатын қонақ күту дәстүрінің жоғары деңгейде екендігін, бұл басқа халықтардан қазақты даралап тұратын бір мінез екенін айтып өтеді.

Бертін келе жыраулар шығармашылығына арқау болған тақырыптың ең маңыздысы туған жер екенін назарға алып, ұлттың танымындағы отан, туған жер тақырыбы әрдайым өзекті екенін ұмытпаған жөн. Осы орайда әдебиетші Т.Шапаев: «Дала – халықтың болмысы, ұлттық рухтың символы болса, ауыл – оның тіршілікке, мазмұнға толы және бір жанды, төл көрінісі. Шынына келсек, поэзиямыз үшін тақырып жөнінен бөліп-жарып, жіктеп-жіліктеуге келе бермейтін тұтас ұғым – туған жер» [10.67] десе, «Көшпенді жұрттардың жан-жүрегіне бағзыдағы сақ, ғұн замандарынан бері қарай кірігіп кеткен сондай қасиетті, киелі ұғымдардың бастау-бұлағында тұратыны – жер», – дейді Амантай Шәріп [10.16]. Қазақ танымында «Отан – елдің анасы» деп қастерлеу тек жыраулар шығармашылығында ғана емес, кейінгі буын қаламгерлердің де шығармашылығының өзегіне айналды. Қ.Аманжоловтың «Туған жер» өлеңінен үзінді келтірсек:

Уа, дариға – алтын бесік туған жер,
Қадіріңді келсем білмей кеше гөр!
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей,
Қасым болмай, тасың болсам мен егер [6.76].

Мұнда автор халықтың пір тұтатын, кие тұтатын киелі мекенін асқақ шабытпен жырға қосады. Қасымның атамекен тақырыбындағы өлеңдері туралы С.Қирабаев мынадай пікір келтіреді: «Ақынның туған жер тақырыбына жазған өлеңдерінің мазмұнында жалпы Қасым поэзиясына тән өрлік, ерлік жатады» [7,290].

Халықтың танымындағы киелі мекен туған жер тақырыбында қазіргі поэзия жанрының дамуына мол үлесін қосып жүрген Ж.Әскербекқызының тарихы терең Маңғыстау өңірі туралы жазған «Маңғыстау деген өлке бұл...» деген өлеңін де айтуымызға болады. Ақын өлеңінде әулиелердің мекені деп туған жеріміздің тарихы тереңде екенін айтып өтеді. Яғни бұл өлеңде ақын тарихи мекенге сапар шегеді, сол мекенмен сырласқысы, мұңдасқысы келеді.

Жеті жұрт қонған маң далам,
Көне дәуірдің куәсі.
Сырың бар ұрпақ аңдаған-
Киен бар тылсым расы...[8,230]

Ақынның келесі «Ата қоныс» атты өлеңіне назар аударсақ:

Китiңқараға қаталап барып,
Сыбанбұлақтан сырға қансам деп,
Жұмбақ жасырған жотаны ақтарып,
Көнениң сөзін тыңдап алсам деп
Қиялаймын-ау...

Бұл өлеңінде ақынның туған жерге деген ыстық сезімі мен сағынышы бейнеленеді. Әр қазақтың ұғымында бар ата қоныс, ауыл сынды атаулардың киелі екендігі айтылады. Ақын өлеңінде оқырманға эстетикалық әсер бере отырып, халықтың санасындағы туған жерге деген сағынышын оятады. Туған жермен ақын сырласқысы келгенін айтып, жадында қалған естеліктермен оқырманмен бөліседі.

Ал келесі көрнекті қазақ ақыны Ұлықбек Есдәулет өзінің «Қазақстан» атты өлеңінде:

Әрбір тасы – киелім,
Әр уығы – жүйелім,
Ән кернеген жүрегін,
Күй кернеген тиегін,
Сары алтыннан сүйегің,
Қазақстан – жыр елім! [9,72]

дей келе, қазақ ұғымындағы Отан, туған жер, қастерлі мекен төңірегінде жыр қозғайды. Туған жердің әрбір тасының баға жетпес байлық екенін, топырағының киесін асқақ рухпен жырлайды.

Қорытынды. Сонымен, қазіргі қазақ поэзиясында ұлттық танымның белгілері бар екенін аңғаруға болады. Сан ғасырлар бойы сақталып келе жатқан халқымыздың асыл қазынасы қазіргі қазақ поэзиясында да айтарлықтай орын алғанын байқаймыз. Қазіргі поэзияның дамуына үлес қосып жүрген қаламгерлердің шығармашылығында отан, туған жер, тәрбие және т.б халық танымындағы ұғымдар үнемі жаңғырып отыратынын байқауға болады. Қаламгерлер шығармашылығындағы ұлттық таным мен ұғым мәселесіне қатысты ғылыми түрде зерттеушілердің пікірлері беріле отырып, халықтың санасындағы ұлттық құндылықтар ары қарай дәріптеліп келе жатқанын айтуымызға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Нысанбаев А. Қазақстанда ислам философиясының қалыптасуы. Алматы, 2000. – 215 б.
2. Қозыбаев М.К. Өркениет және ұлт. Алматы: 2001. – 369 б.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы: 1975. – 312 б.
4. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі. Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. Алматы: 2006. – 376 б.
5. Мырза Әли Қ. Екі томдық шығармалар жинағы, 1-том. Алматы: Жазушы, 2005. – 424 б.
6. Аманжолов Қ. Таңдамалы шығармалары. Алматы: Алматы, 2014. – 216 б.
7. Қирабаев С. Тәуелсіздік рухымен. Астана: Елорда, 2002. – 504 б.
8. Әскербекқызы Ж. Қаз қанатындағы ғұмыр. Алматы: Жазушы, 2007. – 240 б.
9. Есдәулет Ұ. Киіз кітап. Астана: Елорда, 2000. – 384 б.
10. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. Алматы: Білім, 2000. – 336 б.